



БРИФИНГ

2 Баспаналы болуды армандасаңыз...

БІР ҮЗІК СЫР

4 Жақсы дос – мақтанышың!

ТАҒЫМ

5 Ер мен жер

ӨНЕР

6 «Көркінен сұлу күй ұқтым»

● ПРЕЗИДЕНТ

Агенттік төрағасын қабылдады



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы Алик Шпекбаевты қабылдады.

Алик Шпекбаев Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің биылғы 7 айда атқарған жұмыстарының негізгі қорытындылары туралы есеп берді.

Агенттік төрағасы саяси мемлекеттік қызметшілер мен жауапты басшыларды сыбайлас жемқорлыққа қарсы шара қолданбағаны үшін қызметінен босатуға

және нормативтік-құқықтық актілерді жемқорлыққа қарсы сараптамадан өткізуді қалпына келтіруге қатысты Мемлекет басшысының бұған дейін берген тапсырмаларының орындалуы туралы баяндады.

Президент мемлекеттік органдардың жұмысына қызмет көрсету моделін енгізудің маңыздылығын атап

өтіп, Агенттіктің азаматтық қоғам өкілдерімен бірге сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және адалдық идеологиясын ілгерілету жөніндегі іс-қимылдарына оң баға берді.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы 19 тамыз күні Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі кеңесте жемқорлық қылмыстар үшін жауапкершілікті қатаңдатып, қоғамдық бақылаудың тиімділігін арттыруға қатысты берілген тапсырмаларды тезірек заң жүзінде іске асырудың қажет екенін айтты.

● ТАМЫЗ КЕҢЕСІ

«Білім және ғылым: жаңа оқу жылының ерекшелігі»

Әлемді жайлаған пандемия қоғамның қай саласына да өз әсерін тигізді. Адамзат баласы күнделікті өмір сүру дағдыларын өзгертіп, қалыптасқан жағдайға бейімделуге мәжбүр болды. Бұл, әсіресе, жас ұрпаққа білім беру ісінде айқын көрінді.

Сb Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»

Мектептер уақыт талабына сай жаңаша форматта, яғни, қашықтан оқуға көшті. Бұл күтпеген жағдай, тың тәжірибе болғаны рас. Енді санаулы күндерден кейін жаңа оқу жылы басталады. Өткен оқу жылының соңғы тоқсанын қашықтан оқыған жас өрен жаңа оқу жылында да осылайша білім алмақ. Жаңа оқу жылының тағы қандай ерекшелігі бар? Бұл сұрақ кеше өткен дәстүрлі облыстық тамыз кеңесінде кеңінен талқыланды.

«Білім және ғылым: жаңа оқу жылының ерекшелігі» тақырыбында өткен жиында облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова, ҚР Парламенті Сенатының депутаты, Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің төрағасы Мұрат Бақтиярұлы қатысты. Сондай-ақ, аудан әкімдері мен барлық білім беру ұйымдарының басшылары, мектеп мұғалімдері онлайн форматта қатысуға мүмкіндік алды.

Алқалы жиынның ашылу салтанатында сөз алған аймақ басшысы білім беру саласындағы мемлекеттік қолдау шаралары, саладағы негізгі басым бағыттар жөнінде атап өтті.

– Жаңа технологиялар көз ілеспес жылдамдықпен дамыған заманда елдің өркендеуі білімге тәуелді. Бүгінде IT мен биотехнология саласындағы жаңалықтар адамзат дамуын түбегейлі өзгертуде. Бұған жетудің жолы – сапалы білім. Сондықтан білім саласына ерекше көңіл бөлу – бүгінгі күннің басты талабы. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өткен жылғы педагогтардың республикалық тамыз кеңесінде саладағы басым бағыттарды айқындап берді. Педагог мәртебесі туралы заң қабылданды. «Білім мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған бағдарламасы» бекітілді. Нәтижесінде биылдан бастап педагог және оларға теңестірілген қызметкерлер-

дің еңбекақысы жыл сайын 25 процентке көтеріліп, төрт жылда екі есе артады деп жоспарланып отыр. Биыл бұл мақсатқа республикалық бюджеттен облысқа 27,4 млрд-ға жуық қаржы бөлінді. Бұл – аймақ педагогтарына мемлекет тарапынан көрсеткен үлкен қолдау.

Өздеріңіз білесіздер, пандемия біздің еліміз үшін сынақ болды. Әлемді жайлаған коронавирус індеті жұмыс тәртібімізге елеулі өзгерістер енгізді. Оның ішінде білім саласына да кері әсерін тигізді. 16 наурыздан бастап білім беру ұйымдары қашықтан оқытуға көшті. Төтенше жағдайға байланысты салада интернет желісі, электронды құрылғылармен камтуда біршама қиындық туындады. Үкіметтің дер кезінде қабылдаған шешімдері мен ұстаздар еңбегінің арқасында бұл қиындықтар да еңсердік. Орын алған кемшіліктерді саралай отырып, жаңа оқу жылына дайындық барысында республикалық бюджеттен 3,4 млрд теңге қаржы бөлініп, 22 мыңнан астам компьютер алынууда. Байланыс операторларымен бірлесіп, елді мекендердегі интернет жылдамдығын арттыру бағытында жұмыстар жасалуда, – деп атап өтті облыс әкімі.

2-бет

COVID-19

Сынақтан сабақ алдық па?

«Әр заманның талабы басқа» деп айтушы еді әкелеріміз. Сөйтсек, мұнда мол мәніс бар екен. Осыны кейінгі уақытта айқын сезе бастадық. Адам жақсыға, жеңілге тез үйренеді, солай бола берсе дейді. Бірақ, өмір дегенін орнатады, пендені өз еркіне көндірді. Міне, дүниеде, елімізде қиындықтың орнағанына жары жылға жуықтады. Баршамыз үйдіміз, далаға шығу мүлдем азайды, жұртпен жүздесу жөніне қалды.

Осы індет жөнінде сөз көп. Біреулер адамнан келген дейді. Екіншісі жабайы аңнан жұққан дейді. Бәрі мүмкін. Бірақ, адамға түсер сынақ әр кезде Ұлы Жаратушыдан деген де сөз бар ғой. Осылай болмасына кім кепілдік берер?.. Індет жайыла бастағасын көңіліміз бір ұсы болды. Баршамыздың. Сөйтсек, Ұлы Құдірет алдында тең, бірдей екенбіз, соған бағынады екенбіз. Осы жерде есіме ертеде пенде кемшіліктері жөнінде айтылып, жазылып жүрген жайттар түседі. Адамның астамшылығы мен төкаппарлығы, пенденің өзіме ғана болсын деген майдалығы мен тықырлығы. Шыны керек, соған кезінде баршамыз айтарлықтай мән де берген жоқпыз, өйткені осы теріс құбылыстың жуық арада жойылатынына онша сенгеніміз де жоқ. Естідік, теледидардан көрдік, оқыдық та, қоя салдық. Алланың қысымы келіп еді, бір сәтте жым болдық. Әркімнің есіне дүниеден ұтары бабалар айтып кеткен үш кез жер ғана екені кіре бастады.

4-бет

Сыр мен Арқа арасы

«Қызылорда-Жезқазған» автомобиль жолының салынуымен жанданады

Көлік-логистика саласы өркен жайып келеді. Бұл орайда тоғыз жолдың торабында орналасқан Сыр өңірінің болашағы осы саланың дамуымен тығыз байланысты. Соңғы жылдары «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автодөлізінің пайдалануға берілуі аймақтың экономикалық өлеуетін арттыра түсті.

Сb Жолдасбек АҚСАҚАЛОВ,
«Сыр бойы»

Бұл бағытта сонымен бірге республикалық маңызы бар «Қызылорда-Павлодар-Успенка-РФ шекарасы» автомобиль жолының «Қызылорда-Жезқазған» жолын қайта жанарту жұмыстары бойынша жобалық-сметалық жұмыстар жүргізіліп жатқанын, Қызылорда облысы бойынша оның жалпы ұзындығы 204 шақырымды құрайтынын атап өткіміз келеді.

Аталған автомобиль жолының қайта жанартылуы ел экономикасының дамуына, жүк пен жүк айналымының өсуіне серпіліс береді. Сонымен бірге Нұр-Сұлтан қаласына дейінгі қашықтық едәуір қысқарып, елдің оңтүстік өңірлерінен Орталық Қазақстан арқылы барлық аймақтарына, одан әрі Ресей Федерациясының өнеркәсіптік аймақтарына шығуға мүмкіндік туады.

Бұл жолдың 25+300 шақырымынан бастап «Самара-Шымкент» автомобиль жолының 1827 шақырымына дейін Қызылорда қаласын айналып

өтіп, «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық транзиттік дәлізіне кіруге мүмкіндік береді. Онда әр көлік Шымкент бағытына және Самараға қарай жүре алады.

Қазір бас жобалаушы – «Каздорпроект» ЖШС, ПИИ «Каздорпроект» ЖШС және «Семдорпроект» ЖШС-ның консорциумы жобалау іздестіру жұмыстарын жүргізуде. Жобалық-сметалық іздестіру жұмыстарына жалпы 583 млн теңге бөлінетін болады.

Жобалық-сметалық құжаттамалар қазіргі кезде Мемлекеттік сараптамадан өтуде. Бірқатар жұмыстар бойынша тиісті құжаттар Мемлекеттік сараптамаға тапсырылды. Орталық аппарат Мемлекеттік сараптамадан өту қаражатын (23,275 млн теңге) жоспарға енгізуде.

Ол бойынша көптеген айналма жол мен жол өткелі салынуы болады. Құрылыс жұмыстары 2021 жылы басталады деп күтілуде.



● ЭРТАРАПТАНДЫРУ

Жалағаштағы алмабақ жеміс берді



Жесеніз, дәмі таңдайда қалатын, Сыр бойында өскен алмадан дәм татқыңыз келе ме? Алма бақтың «короли» атанған қызылы да, жасылы да енді Жалағашта өседі. Үш жыл бұрын Т.Жүргенов ауылындағы «Кұрманбай ата» шаруа қожалығы жеміс көшеттерін еккен еді. Биыл бағбандар бақтан қорап-қорап алма теріп жүр.

Сb Айдана ЖҰМАДИНОВА,
«Сыр бойы»

Бұл ауылдың тұрғындары «алма ағаштың гүлдей-ау» деп басталатын енді түсініп айтады. Өйткені, Т.Жүргеновте ғана емес, жалпы Жалағашта алмабақ барын бұрын ести бермейтінбіз.

– Кеңес үкіметінің кезінде ауыл маңында үлкен бақ болды. Жылдар өте ағаштар өнім беруді тоқтатады. Қазір ол бақтың орны ғана қалған. Жердің құнарлы екенін, жеміс өсіруге болатынын сол бақ дәлелдегендей еді. Сондықтан бірнеше жыл бұрын «алма өсіріп көрсек, қайтеді» деген ой келді. Ақырында тәуекел етіп, Түркістан облысының Сарыағаш ауданындағы «Амангелді» питомнигінен «Голден Делишес», «Джонатан», «Ренет Семиренко» деген үш сортын алдырып, 5 гектар аумаққа отырғыздық. Бақта қазір бес бағбан қызмет етеді. Ағаштар биылдан бастап жеміс берді, – деді қожалық төрағасы Еркін Бекжанов.

Алмалардың алғашқы 1,5 тоннасы кеше Қызылорда қаласына жөнелтілді. Бірінші рет болғанын жалпы қанша өнім алынғанын әзірге белгісіз. Бірақ бағбандар болашақта әр түптен 15-20 келі өнім алуды жоспарлап отыр. Барлық адамға ұнайтын алма атты жемісті таза күйінде осылай теріп жеп, үлкен баққа айналдыру үшін есепсіз еңбекқорлықтан бөлек, қаржы да керек. Бұл бақты жайқалту үшін 38 миллион теңге жұмсалған.

Айта кету керек, «Кұрманбай ата» шаруа қожалығы мұнан өзге күріш, жоңышқа өсірумен де айналысады. Өткен жылы күріштің гектарынан 75,5 центнерден өнім алынған болатын. Шаруашылықтың енді экономиканы әртараптандыруға назар аударып, жеміс өсіруге ден қойғаны қуантады. Күрішті аймақ саналатын Жалағаштың аты енді алмамен де айғалтса түссе керек.



ТАМИЗ КЕҢЕСІ

«БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ: жаңа оқу жылының ерекшелігі»

Биыл мектептерді заманауи талаптарға сәйкестендіруге мүмкіндік алған ерекше кезең болды. Бірнеше жылдан бері жөндеуді қажет еткен білім беру нысандары жаңарып, құрылыс қарқын алды. Осы жылы 55 білім беру ордасына жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Облыста Қызылорда қаласынан және Жалағаш ауданынан 2 мектеп пайдалануға беріледі. Сонымен қатар, 4 мектептің құрылысы жүргізілуде. Оның ішінде Қызылорда қаласынан 600 орындық, Арал ауданы, Сексеуіл кентіндегі 300 орындық мектептер құрылысы жыл соңында аяқталады. Жаңа мектеп салуда мемлекеттік-жекеменшік әріптестік бастамалардың үлесі де артып келеді. Биыл облыс орталығында 500 және 300 орындық 2 жеке мектептің құрылысы жүргізілуде.



салаға, оның ішінде мектептерді жөндеуге жұмсалып жатқаны қуантты. Қаншама жөндеу көрмеген білім ұялары жөнделіп, жаңарып қалыпты.

Кеңесте ҚР Парламенті Сенатының депутаты, әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің төрағасы Мұрат Бақтиярұлы сөз алды.

– Былтыр Парламентте де педагогтар мәселесіне айрықша мән беріліп, мұғалімдер мәртебесі туралы заң қабылданды. Бұл кейінгі он бес жыл көлемінде қоғам болып айтылып, БАҚ өкілдері тарапынан көтеріліп, қабылданған заң. Әрине, заң идеялы заң деп айта алмаймыз. Бірақ, негізінен мұғалімдердің мүддесін қорғайтын бірден-бір заң болып табылады. Басқа бірде-бір әлеуметтік салада мұндай заң жоқ. Заңда мұғалімдердің арнайы мәртебесінен бөлек, олардың материалдық жағдайына арналған, оларды өзінің міндетті жұмысынан бөлек, басқа жұмыстары атқарудан алшақтайтын баптары бар. Жаңа заңға сәйкес аудандық, қалалық білім бөлімдері жергілікті әкімдерден алынып, облыстық білім басқармасы құзыретіне берілді, – деді Мұрат Бақтиярұлы.

Жалпы елімізде бүкіл мектептердің балансында 500 мыңға жуық компьютер бар. Соның 162 мыңы, яғни, 40 проценті ғана жарамды екен. 210 мың компьютер керек. Бүгінде осы тапшылықты жою бағытында жұмыстар атқарылууда.

– Парламент мүшесі ретінде жеті ауданда және қалада болып, мектептерді аралап шықтым. Жол картасы бағытында бөлінген қаржының көпшілігі әлеуметтік

Екінші бір нәрсе, соңғы уақытта ел ішінде мұғалімдік мамандыққа деген қызығушылықтың артқаны байқалады. Бұның өзі мұғалімдер мәртебесін дұрыс қалыптастырып жатқанымыздың көрінісі деп ойлаймын, – деді сенатор.

Мұнан кейін облыстық білім басқармасының басшысы Ақзира Қасымова жаңа оқу жылының басты ерекшеліктеріне тоқталып, оқу жүйесінде іске асатын жобаларды атап өтті.

– Білім беру саласын ұдайы мемлекеттік қолдау нәтижесінде негізгі даму көрсеткіштеріміз жыл сайын жақсаруда. Өткен оқу жылында саланың даму бағыттарын айқындайтын 2016-2019 жылдарға арналған білім мен ғылымды дамытудың бағдарламасы қорытындыланып, биыл жаңа 2020-2025 жылдарға арналған бағдарлама бекітілді. Бұл стратегиялық маңызды құжат саладағы әрбір деңгей бойынша алдағы даму бағыттарымызды айқындайды, – деді басқарма басшысы.

Сондай-ақ, атап өтілгендей, білім берудің бастапқы сатысы – мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту. Облыста бүгінгі күні 667 мектепке дейінгі ұйымда 58282 бала тәрбиеленуде, 3-6 жастағы балалардың балабақшамен 100 процент қамту нысаналы индикаторы орындалғанымен, алдымызда 1-2 жастағы сәбилерді қамту жұмысын ұйымдастыру міндеті тұр.

Білім бәсекесіне қадам басуда басты фактор ол – педагог кадрдың сапасы. Қазіргі уақытта 6670 балабақша маманының 33 процентінің ғана біліктілігі бейініне сәйкес келеді. Былтыр бұл көрсеткіш тек 25 процентті құраған. Бұл мақсатта министрлік кадрларды бейініне қарай қайта даярлау жұмыстарын университеттер мен колледждерде жүргізуді бастайды.

Биылғы оқу жылының басты ерекшелігі – мектептердің жан басына қаржыландыру тетігіне өтуі. Қыркүйектен бастап, 58 калалық мектеп жан басына шаққандағы қаржыландыруға көшеді. Қаржыландырудың жаңа талабы мектептер арасында өзара бәсекелестік орнатып, материалдық базаны нығайтуға жұмсалатын қаржыны бала санына сәйкес біркелкі бөлінуіне ықпал жасайтын болады.

– Президент Жолдауына сәйкес, білім саласын басқарудың жаңа жүйесі енгізілуде. Жүйе екі кезеңде іске асырылууда. Бірінші, әкімдіктердің білім беру саласындағы функцияларын облыстық деңгейге беру. Қазіргі таңда облыстық білім басқармасы қалалық, аудандық білім бөлімдерінің басшысын тағайындауды бастады. Екінші кезеңде, 2021 жылдың қаңтар айынан бастап саланы қаржыландыру облыстық деңгейге өтеді. Бұл ретте барлық білім беру ұйымдары басқарманың тікелей басқару жүйесіне көшеді.

Қазір біздің алдымызда Президенттің ауыл мен қала мектебі арасындағы алшақтықты жою тапсырмасы тұр. Осы орайда биылдан бастап Назарбаев зияткерлік

мектебімен бірге «Ауыл мектебі» пилоттық жобасы іске асуда. Қазір біз Жаңақорған, Сырдария аудандары мен Қызылорда қаласындағы үш ауыл мектебінде жүргізіп отырмыз. Осы мектептердің тәжірибесін алдағы оқу жылында барлық ауыл мектептеріне енгізетін боламыз, – деп атап өтті басқарма басшысы.

Биылғы оқу жылынан бастап барлық білім беру ұйымдарына «Құндылықтарға негізделген білім беру» жобасы да енгізілді. Ал, балаларға патриоттық тәрбие беруде жаңа оқу жылында 53 инновациялық мектепке факультативтік негізде домбыра сағаттары бөлінетін болады. Сондай-ақ, жаңа оқу жылында облыстағы 220 мектеп «BilimLand», «Дарынолайн» интернет платформалары арқылы қашықтан білім алса, шалғай орналасқан елді мекендегі 73 мектеп дәстүрлі түрде оқиды. Сонымен бірге ата-аналар өтінішімен 1-4 сыныптағы 41547 оқушы 2974 топта дәстүрлі түрде білім алады.

Жылы барысында онлайн арқылы мектеп директорлары мен ауыл мұғалімдері және ата-аналар тікелей байланысқа шығып, білім саласындағы жетістіктерге тоқталды.

Атап айтқанда, Сырдария ауданы, Н.Лиясов ауылындағы №132 Т.Айтбаев атындағы мектептің география пәнінің мұғалімі Жанболат Нұрмағанбетұлы білім ұясының жетістігі мен алдағы жоспарлары жөнінде айтып өтсе, Қызылорда қаласындағы №140 орта мектептен көпбалалы ана Гүлсім Жаңабегенова пандемия кезінде қиындыққа қарай білім берген ұстаздар қауымына, көпбалалы отбасына қолдау көрсеткен ел ағаларына алғысын білдірді. Ал қазалық кәсіпкер «Сыр маржаны» ЖШС директоры, облыстық мәслихат депутаты Мінәжидин Сражадинұлы білім саласының дамуына үлес қосуға қашан да дайын екенін жеткізді.

Кеңес соңында үздік педагогтар «Ыбырай Алтынсарин» медалімен, «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісімен және облыс әкімінің алғысымен марапатталды. Сонымен бірге «Үздік орта білім ұйымы» конкурсының жеңімпазы Қазалы ауданындағы №249 мектеп-лицейіне 17 млн теңге грант сертификаты табысталды.

БРИФИНГ

Баспаналы болуды армандасаңыз...

«Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасының жаңа бағытының бірі «Шаңырақ» пилоттық жобасын «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» жүзеге асырады. Бүгінде Шаңырақ «5-10-12» бағдарламасы бойынша өтініш қабылдау басталды. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ облыстық филиалы директорының орынбасары Ильяс Жұрынов мәлімдеді.

Биыл пилоттық жобаны жүзеге асыру үшін бюджеттен 210 млрд теңге қаражат қарастырылған. Қаражаттың 90 млрд теңгесі «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкіне» түскен. Жоба аясында 7-8 мыңдай отбасы баспанамен қамтылмақ. Жылдық мөлшерлемесі 5 процентке тең жеңілдетілген заемды алу үшін қатысушылар әкімдік кезегінде тұру керек. Сонымен қатар банк шотына алғашқы 10 проценттен кем емес соманы жарна ретінде жинауы шарт. Несиелендіру мерзімі – 20 жыл.

Жеңілдік баспанаға мұқтаж ретінде 1986 мен 2010 жылға дейінгі мерзімді қоса алғанда кезекте тұрған азаматтарға беріледі. Бұлдан бөлек, бағдарламаға қатысу үшін соңғы алты ай ішіндегі отбасының әр мүшесіне келетін отбасылық табыстың бір айлық көлемі 3,1 күнкір минимумынан аспайтын еңбек және кәсіпкерлік қызметтен түсетін кірістің болуы сұралады. Бағдарлама бойынша баспананы тек жаңа салынған үйлерден алады. Құрылыс компанияларының тізімін арнайы сайттан көруге мүмкіндік бар. Ал, өтініш беру мерзімі – 17 тамыз бен 16 қыркүйек аралығы.

Бастысы, бағдарламаға қатысу үшін арнайы қойылатын 6 талапты орындау маңызды.

Көлігіңізді тіркетіп қойыңыз

Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық полиция департаменті бастығының бірінші орынбасары Шамшидин Әминов Армениядан әкелінген көліктерді тіркеу жұмыстары туралы айтып берді.

Биылғы жылдың 1 маусымы мен 1 қыркүйегі аралығында Армения елінен 2020 жылдың 1 ақпанына дейін әкелінген, басқару жүйесі сол жақты көлік құралдарын тіркеуге қою жұмыстары қолға алынған болатын. Облыс тұрғындарының атына барлығы 447 армия көлігі тіркелген. Оның 259-ы тіркеуге алынды. Сонымен қатар 116-ның басқару жүйесі оң жақта орналасқан. Бұл көліктерді тіркеу үшін басқару жүйесінің оң жақтан сол жаққа ауыстырылғаны туралы арнайы мекемелерден конструкцияға енгізілген өзгерістерді растайтын куәлік алу қажет.

Көлік құралдарын тіркеу мамандандырылған халыққа қызмет көрсету орталықтарында 1 қыркүйекке дейін жалғасуда. Одан кейін Армениядан әкелінген көлік кеден баждары мен Салық кодексіне сәйкес төленетін барлық алымдар мен төлемдер төленген соң ғана тіркеледі.

Мәселеге қатысты туындаған сұрақтарға сала маманы кеңінен жауап берді.

Қоғамдық ұйымдарға қолдау бар

Облыста қоғамдық ұйымдар саны жыл сайын артып келеді. Он жыл бұрын олардың саны 150 болса, қазір 1000-ға жетті. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық үкіметтік емес ұйымдары Альянсы ассоциациясы заңды тұлғалар бірлестігінің жетекшісі Анар Ізден хабарлады.

Бүгінде облыста 443 қоғамдық бірлестік, 294 қор мен 259 филиал бар. Олар қоғаммен тығыз жұмыс жасап келеді. Соңғы кездері үкіметтік емес ұйымдардың жобаларына бөлінетін қаржы көлемі артқан. Нәтижесінде бөлінген қаржыға денсаулық, білім, мәдениет, спорт пен кәсіпкерлік саласын және жастар саясатын дамытуға арналған жүздеген жоба жүзеге асты. Әлеуметтік жобалардың негізгі бағыты – қоғамдық келісімді, ұлттық бірлікті нығайту, жастар саясатын іске асыру және халықтың әлеуметтік тұрғыдан осал топтарына қолдау көрсету. Азаматтық альянс қоғамдық ұйымдарды біріктіріп, жоспар құрып, әлеуетін арттыру үшін түрлі іс-шараларды ұйымдастырып отыр.

Брифингте бірлестік жетекшісі ауылдық үкіметтік емес ұйымдарға әлі де болса қолдау қажет екенін, олардың әлеуетін арттыруға жағдай жасау керектігін жеткізді. Сондай-ақ, шешімі табылмаған бірқатар мәселелерді атады.

«СБ» ақпарат

Ведомствоаралық комиссияның отырысы

Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықованың төрағалығымен облыс әкімдігі жанындағы құқық бұзушылық профилактикасы жөніндегі ведомствоаралық комиссияның кезекті отырысы өтті.

Онда 2 мәселе қаралды. Атап айтқанда, 2020 жылдың 7 айының қорытындысы бойынша жол қауіпсіздігін қамтамасыз етудің жағдайы және бұрын сотты болғандарды, оның ішінде пробациялық бақылау есебінде тұратын азаматтарды жұмыспен қамту және оларға әлеуметтік көмек көрсету бойынша өткен жылы және осы жылдың 7 айында бірлесіп атқарылған шаралар туралы айтылды.

Деректерге сүйенсек, осы жылдың 7 айында көлікті масан күйде басқарғандармен 18 жол-көлік оқиғасы орын алып, өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 10% өскен. Сонымен қатар, көлікті масан күйде басқарғаны

үшін 946 әкімшілік құқық бұзушылық тіркелген.

Облыстық әкімдіктің қолдауымен, 2020 жылдың маусым айында, Қызылорда қаласында 13 «Аркан» стационарлы жылдамдық өлшегіш құрылғылары іске қосылды.

Өңір басшысы полиция қызметінің жұмысын күшейтуді тапсырды.

– Жол-көлік оқиғаларын алдын алу бағытында тиімді профилактикалық іс-шаралар ұйымдастырылу керек. Сонымен қатар, полиция органдарының имиджін көтеруге бағытталған жол карталарының талаптарын орындау мақсатында жеке құрам арасында кызметтік әдеп, халықпен байланыс

сапасын арттыру, біліктілігін көтеру бойынша оқулар өткізіңіздер. Аудандар мен Қызылорда қаласы әкімдіктерімен бірлесіп, автомобиль жолдарындағы авариялық қауіпті учаскелерді мониторинг пен талдау арқылы анықтап, стандартқа сай келмейтін кемшіліктерді жою және ол учаскелерді тиісті жөндеу, жетілдіру шараларын қабылдау қажет. Жол жүрісі қауіпсіздігіне қатысты, оның ішінде көлік оқиғаларының салдары туралы кең ауқымды түсіндірме жұмыстарын жүргізуді қамтамасыз етіңіздер, – деді облыс әкімі.

Осы жылдың 7 айының қорытындысымен, өңірмізде бұрын сотты болғандармен қылмыстық құқық бұзушылықтар 30%, оның ішінде бұрынғы сотталғаны етелмегендермен жасалған қылмыстар 21% төмендеді.

Дегенмен, профилактикалық есепте тұрған адамдармен бірнеше

қылмыс жасау деректері орын алған.

Облыс басшысы пробация қызметіндегі тұлғалардың қоғамға бейімделуіне жұмыс жасауды тапсырды.

– Қайта қылмыс жасауға бейімді сотталғандарды анықтап, оларды еңбекке және тұрмыстық орналасу, әлеуметтік және өзге де көмектің басқа түрлерін ұйымдастыру шараларын тиімді түрде жүзеге асыру керек. Пробация қызметіндегі тұлғалардың қоғамға бейімделуіне, заң талаптарын сақтауға, еңбекке және өзге де қоғамға пайдалы қызметпен айналысуға бағытталған шаралар қабылданып, Қызылорда қаласы мен аудан әкімдері пробация қызметінің есебінде тұрған және бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін 2021 жылға арналған бос жұмыс орындарының квоталарын қолданыстағы қағидаларға сәйкес 2020 жылдың 1 желтоқсанына дейін бекіту керек, – деді облыс әкімі.

МАКРОЭКОНОМИКА

ЖЕРГІЛІКТІ ТҰТЫНУ НАРЫҒЫ: баға неге әркімкі?

Елімізде жарияланған карантин режимі тұтыну нарығындағы тұрақтылықты бұзды. Қатаң шектеулер салдарынан кешегі мамыр, маусым, шілде айларында онтүстікте пісіп-жетілген көкөніс өнімдерін жеткізуде едәуір қиыншылықтар туындады. Кей жерлерде баға өсті.

Жолдасбек АҚСАҚАЛОВ, «Сыр бойы»

Осының барлығы жалпы жергілікті тауар өндірушілердің материалдық жағдайына кері әсерін тигізді. Дегенмен, сауда үдерісі оншалықты бәсеңдегенін атап өткіміз келеді. Оны статистиканың көрсеткіштерінен аңғаруға болады.

Table with 3 columns: аймақтар, Тауарлар мен қызмет түрлерінің көлемі, %

Table with 3 columns: Region, Value 1, Value 2

Кестеден көрініс тапқандай, 2019 жылдың бірінші жартыжылдығымен салыстырғанда 2020 жылдың қаңтар-маусым айларында Шымкент қаласында сауда айналымы мен қызмет көрсету 98 процентті құраған. Одан кейінгі орындарды Қостанай, Жамбыл, Алматы облыстары бөлісуде. Оңтүстік облыстарда сауданың «қызуы» өңір халқының болмысына тән болғандықтан, біз аталған көрсеткішті қалыпты жағдай ретінде қабылдадық. Ал қостанайлықтардың оңды көрсеткішін астықты өңір болғандықтан, сауда айналымының тұрақты жүруімен байланыстырғымыз келеді.

Жуырда осы мақаланы дайындау барысында біз Қызылорданың базарлары мен ірі сауда орталықтарын аралап, халықтың бірінші кезекте тұтынатын азық-түлік және көкөніс бағаларының деңгейімен таныстық.

Биыл басталарда картоп және көкөніс бағалары өткен жылмен салыстырғанда біршама қымбат. Бұл, әлбетте, көктемгі карантин кезінде жарияланған шектеулердің теріс ықпалынан болды. Қысқасы, биыл өнім аз, ал ол бағаның көтеріңкі болуына ықпал жасауда.

Дегенмен, базарлардағы көкөністің кейбір түрлерінің «Magnum», «Small» сауда орталықтарындағы бағадан едәуір жоғары екенін байқадық. Бұл, әсіресе, картоп пен қырыққабатқа қатысты. Базарда картоп, қырыққабат келісі 150 теңге, жуа, сәбіз 100-150 теңге, жуа бағасы осы шамалас. Күріш 270-300 теңге. Еттің бағасы мал түріне қарай 1800-2000 теңге. Еттің қымбаттамай тұрғанының негізгі себебін біз дәстүрлі көпшілік отырыстарға қатаң тыйым салуының ықпалы деп түсіндік.

Жоғарыда аталған сауда орталықтарындағы ет бағасы қымбат. Бұл алыстан тасымалданып, жеткізілген еттің шығыны көп екенін айғақтайды. Халық тұтынатын негізгі азық-түлік және көкөніс бағаларында алдағы уақытта өзгеріс болуы мүмкін бе? Бұл, әрине, күздегі, өнімнің қаншалықты өнімді, берекелі болуына тікелей байланысты.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫНА – 25 ЖЫЛ

Дамудың берік тұғыры



Алдағы күндері бірлікті бекемдеп, тәуелсіздікті тұғырлы еткен Қазақстан Республикасы Конституциясына 25 жыл толады. Ширек ғасырда Сыр елі қалай өзгерді? Облыс әкімінің орынбасары Серік Ахмет өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте аймақтың осы кезге дейінгі жетістіктеріне тоқталды.

Айдана ЖУМАДИНОВА,
«Сыр бойы»

Конституция өркениетті мемлекет ретінде қарқынды дамуымыздың берік тұғыры екенін атап өткен облыс әкімінің орынбасары алдымен экономикадағы жақсы жаңалықтарды жеткізді.

Облыста шағын және орта бизнес субъектілерінің саны 46153-ке жеткен. Бұл көрсеткіш былтырғымен салыстырғанда 104,8 процент.

Өнеркәсіп өнімін өндірудің жалпы көлемі 381,3 млрд, ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы көлемі 33 млрд, негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 127,3 млрд теңгені құрады. «Жұмыспен қамтудың Жол картасының» жүзеге асырылуы шағын және орта бизнесінің дамуына үлкен үлес қосуда. Бағдарлама аясында биыл өңірде 37 млрд теңгені құрайтын 276 жоба жүзеге асырылуда, – деді Серік Әбжанұлы.

Ауыл шаруашылығында да ауыз тойтырып айтарлықтай өсім бар. Күріш өнімділігі тәуелсіздіктің алғашқы жылдары гектарына 49 центнерді құраса, бүгінде бұл көрсеткіш 57,1 центнерге дейін өсті.

«Мағжан и К» серіктестігінің директоры Дархан Ералиев егілген 5100 гектар күріштің әр гектарынан 60 центнерден, «Ақмая» шаруа қожалығының басшысы Дәулет Жұмбаев цирфрлық технологияларды пайдаланып егілген 1325 гектар күріштің әр гектарынан 80 центнерден және «Ер-Әлі» шаруа қожалығының басшысы Әліби Бекжанов су тапшылығына қарамастан, 715 гектар күріштің әр гектарынан 75 центнерден өнім алуды жоспарлауда. Сондай-ақ, дөңді дақылдармен қатар бақша дақылдарының да экспорт көлемі артты, – деді облыс әкімінің орынбасары. Бүгінде экспортқа бағдар-

ланған жаңа өндірістерге басымдық берілуде. Айталық, Арал ауданында түйе сүтінен құрғақ ұнтақ өндірісі құрылады. Жобаның бастамашысы «Qazaq Camel» серіктестігі дайын өнімді Қытайға «Ақ-Бота» брендімен сатуды жоспарлауда.

Облыстың әлеуметтік саласында да оң өзгерістер бар. Өңірдегі 673 мектепке дейінгі білім беру ұйымында 59659 бала тәрбиеленуде. Ең бастысы, 3 пен 6 жастағы балалар 100 процент балабақшамен қамтылған. Ал, биыл бітіруші түлектердің 77 проценті жоғары оқу орындарының мемлекеттік грантына қол жеткізген.

Сондай-ақ, биыл облыста 7 млрд теңге қаржы бөлініп, 55 білім беру нысанына жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

Денсаулық сақтау саласына келсек, соңғы 3 жылда заманауи технологияларды енгізуге, материалдық-техникалық базаны күшейтуге, науқастарды диагностикалау мен емдеуге қаржыландыру көлемі 21 процентке артқан. Осы уақыт аралығында 36 медициналық нысан пайдалануға берілген.

Мәдени жетістіктер де руханият бәсігі саналған Сыр елінің мыңжылдық дәстүрдің арқау жібін үзбегенін көрсетеді.

Облыс әкімінің орынбасары Н.Бекежанов атындағы қазақ музыкалық драма театрына «Академиялық» мәртебесі берілгенін, ЮНЕСКО-ның адамзаттың материалдық емес мәдени мұрасының ұлттық тізбесіне «Қорқыт ата мұралары» енгізілгенін ерекше атап өтті. Сондай-ақ, биыл алғаш рет облыстық филармония жаңынан «Қобызшылар» ансамблі құрылды.

Сыр өңірінің бай тарихы мен мәдени мұраларын жан-ғырту мақсатында ежелгі және ортағасырлық Сығанақ, Бәбіш мола, Сортобе, Жанкент, Қышқала, Асанас қалашықтарына археологиялық қазба жұмыстары жүргізілуде. Соңғы үш жылда 8 мәдениет нысаны бой көтерді.

Сырбойлықтар спортта да сайыпқыран екенін дәлелдеп келеді. Мұз үстінде қар-

лығаштай қалықтаған Элизабет Тұрсынбаева мәнерлеп сырғанаудан әлемдік дәрежедегі додаларда топ жарды. Бокстан Әлем чемпионатының күміс жүлдегері Камшыбек Қоңқабаев, еркін күрестен Әлем чемпионатының күміс жүлдегері Дәулет Ниязбеков Токио Олимпиадасына қатысуға жолдама алды.

Сондай-ақ, былтыр сырбойлық фанаттарды дүр сілкіндіріп, «Қайсар» футбол командасы 20 жыл үзілістен кейін Қазақстан кубогы ойындарында жеңімпаз атанды. Биыл «УЕФА» Европа Лигасында өнер көрсетеді. Спортқа жақын ұлдар өссін десек, оларға жағдай жасалуы да аса маңызды. Айта кету керек, Ғ.Мұратбаев атындағы орталық стадион қайта жаңғыртудан өтіп, соңғы үш жылда 16 спорт кешені пайдалануға берілді.

Көпұлтты қазақ елінде этносаралық қатынас әрдайым назарда. Қазір облыста бірлігі жарасқан 35 ұлт тұрмыс кешуде.

– Ата Заңда көрсетілгендей, мемлекетіміздің ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары. Елдегі татулық пен бірліктің арқасында халқымыздың тұрмыс жағдайы жақсарып, демографиялық өсім көрсеткіші жылдан жылға артуда. Мысалы, бір ғана біздің өңірде тәуелсіздіктің алғашқы жылдары халық саны 592 мың адамды құраса, қазір 809,3 мыңнан асты, – деді Серік Ахмет.

Брифингте мерейлі мерекені атап өтудің жоспарына сәйкес ұйымдастырылатын шаралар туралы айтылды. Ең негізгілеріне тоқталсақ, «Айбары асқақ Ата Заң» атты мерекелік онлайн концерт өтіп, «Syr Shaһyрағы», «Syr Sporty», «Syr Qoғamy», «Syr Bolashaғы», «Syr Birliгі» YouTube арналарында «Ата Заңға – 25 жыл» атты зиялы қауым өкілдері, өнер жұлдыздары, спорт шеберлері, бас қобызшылар және этномәдени бірлестік өкілдерінің онлайн бейнеқұтықтаулары жарияланады. Сондай-ақ, Жалағаш ауданында 140 орындық мектеп ашылмақ.



Азаматтық қоғам ашық бәсекеге әзір

«Nur Otan» партиясы облыстық филиалы төрағасының орынбасары Алтынбек Жарылқасынов үкіметтік емес ұйым мүшелерімен кездесіп, «Nur Otan» партиясының ішкіпартиялық іріктеуі аясында атқарылып жатқан жұмыстармен таныстырды.



Елбасы, партия Лидері Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бастамасымен қолға алынған «Nur Otan»-ның партияшылық сайлауына қатысуға бүкіл ел бойынша үміткерлерді ұсыну мен тіркеу жүріп жатыр.

17 тамыз күні басталған бұл жұмыстар аясында облыс бойынша 399 үміткер ұсынылып, олардың 351-і кандидат ретінде тіркелген. Әйелдер мен жастардың белсенділігі өте жоғары. Мәселен, 399 үміткердің 133-і әйел, арасында көпбалалы аналар да бар. 35 жасқа дейінгі жастардың үлесі 24 процентті құрайды. Бастауыш партия ұйымдарынан 132 азамат ұсынылса, қалған 267 үміткер өз-өзін ұсынған.

Кездесу барысында филиал төрағасының орынбасары коронавирус пандемиясына орай праймериз жұмыстары барысында қауіпсіздік шаралары қатаң ескерілгенін айтты.

– Ең алдымен азаматтардың денсаулығы мен амандығы маңызды. Қазіргі эпидемиологиялық ахуал праймериз өткізу үшін тиісті жағдай жасауды талап етуде. Осыған орай Партия Төрағасының тапсырмасы бойынша веб-портал мен мобильді қосымшадан тұратын «Праймериз» ақпараттық жүйесі әзірленді. Бұл жүйе партияшылық іріктеудің барлық кезеңін өткізуге мүмкіндік береді, оның ішінде тіркеуді,

үгітті және дауыс беруді онлайн режимде өткізуге тырысудамыз. Партияның Орталық аппараты еліміздің бас мемлекеттік санитарлық дәрігері Айжан Есмағамбетовамен бірлесіп праймериз өткізу кезінде арнайы санитарлық-эпидемиологиялық талаптар енгізу туралы қаулы қабылдады. Онда партияшылық іріктеуге қатысушыларға маска, қолғап, заласыздандыру құралдарын пайдалану, кемінде 2 метр арақашықтықты сақтау, қол алысып амандаспау, басқа да сақтық шараларын ұстану қажеттігі айтылған.

Басқосуда үкіметтік емес ұйым мүшелері праймериз ережелеріне қатысты өздерінің ұсыныс-пікірлерімен бөлісіп, көкейтесті сауалдарына жауап алды. Жиын соңында Алтынбек Жарылқасынов азаматтық сектордың белсенді өкілдерін партия қатарына қосылып, ашық бәсекеде бақ сынауға шақырды.

Праймериз ережелеріне қатысты primaries.kz және nurotan.kz сайттарынан толығырақ таныса аласыз.

«СБ» ақпарат

Ең қымбат қазына – адам

Мемлекеттің әлеуметтік функциясының мазмұны қандай? Ол адамдардың еңбегі мен денсаулығын қорғауды, кепілдендірілген ең төменгі жалақы мөлшерін, отбасын, ананы, әке мен баланы, мүгедектер мен қарт азаматтарды мемлекеттік қолдауды, әлеуметтік қызметтер жүйесін дамытуды, мемлекеттік зейнетақыларды, жәрдемақыларды және әлеуметтік қорғаудың басқа да кепілдіктерін қамтиды.

Әлеуметтік мәселелер кімді болсын толғандырмай қоймайды. Әлі де толыққанды шешімін таба қоймаған мәселелер баршылық. Солардың қатарына мемлекеттің әлеуметтік қызметі жатады. Әлемнің көптеген елдері қоғам мүшелерінің әлеуметтік тұрғыда қамсыздандыру мәселесіне ерекше мән береді.

Қазақстан Республикасы да дамыған елу елдің қатарына ену жолында осы мәселеге ерекше ықтиярмен көңіл бөлуі қажет. Мемлекеттің әлеуметтік қызметі сол мемлекеттегі экономикалық өсіммен тікелей байланысты.

Қазір мемлекет және құқық теориясында, ғалымдар ортасында мемлекеттің әлеуметтік қызметін түсінуге байланысты жалпы бағыты бір болғанмен, әртүрлі ой-тұжырымдар орныққан. Отандық заңгер-ғалым Т.Ағдарбековтың айтуынша, әлеуметтік құқықтық мемлекеттің құрылуы қиын жолдардан өтті. Тек құқықтық мемлекет біртіндеп әлеуметтік мемлекетке кейіпке не болады, жеке адамдардың еркін дамуына формальды кепілдік әлеуметтік қорғаудың материалдық кепілдігімен толықтырылады. Қазіргі құқықтық мемлекет барлығына бірдей әлеуметтік қорғалуға кепілдік береді.

Тек экономикалық, материалдық, рухани жағынан еркіндігі бар мемлекет қана елдің тұрғындарына адал әлеуметтік саясат жүргізе алады.

Қазақстандағы алғашқы мемлекет және құқық теориясының авторлары да әлеуметтік қызметке мынандай түсінік береді: Әлеуметтік функция – мемлекеттің негізгі міндеттерінің бірі. Халықтың әлеуметтік жағдайын жаңажакты қамтамасыз етіп, жақсы дәрежеде дамыту. Мемлекеттің әлеуметтік саясаты екі бағытқа бөлінеді. Бірінші бағыты – адамдардың қоғамдағы еңбегіне қарамай мүгедектерге, зейнеткерлерге, науқас адамдарға, көпбалалы отбасыларға, студенттерге мемлекеттік көлемде жан-жақты көмек жасап, олардың әлеуметтік жағдайын жақсарту, екінші бағыты – адамдардың денсаулығын қорғауға, жақсартуға, мәдениетті дамытуға, халықтың жақсы тұрып, жақсы демалуына қамқорлық жасап, мемлекеттік бюджеттен тиісті мөлшерде қаржы бөліп отыру. Белгілі ғалым С.Табанов мемлекеттің әлеуметтік қызметінің мәні мынада деп санайды: «Әлеуметтік сферада халықты әлеуметтік қорғау (мүгедектерді, көпбалалы аналарды, жұмыссыз адамдарды), зейнетақымен қамтамасыз ету, денсаулық сақтауға, білімге, жол құрылысына, қоғамдық көлікті дамытуға, байланыс құралдарына қажетті қаражатты бөлу, т.б.». Ал, Ғ.Сапарғалиев пен А.Ибраева әлеуметтік мемлекеттің маңызы мынада дейді: «Қандай да болсын қоғам түрлі таптардан, әлеуметтік топтардан тұрады.

Кейбір елдерде, мысалы Қазақстанда, көптеген ұлттар тұрады. Олардың арақатынасын реттеу – негізінен мемлекеттің міндеті. Оларға қамқорлық жасауды, олардың арасындағы қатынастарды, пайда болатын қайшылықтарды реттеу, шешу, жөнге салу, тек қана мемлекеттің қолынан келетін іс. Ол үшін мемлекетте күш те, қаражат та, басқа да мүмкіндіктер бар. Осыған сәйкес мемлекет әлеуметтік функция атқарады. Егер мемлекеттің осы қызметі кең өріс алып, үздіксіз жүргізілетін болса, оны әлеуметтік мемлекет дейді. С.Өзбекұлы мен Ө.Қопабаев Қазақстан Республикасының Ата заңына сүйенсе отыра, мемлекеттің әлеуметтік қызметінің мәні мынадан көреді: «Қазақстан Республикасының Конституциясы мемлекетімізді демократиялық, зайырлы, құқықтық мемлекет ретінде орнықтырумен қатар, оны әлеуметтік деп жариялады. Әлеуметтік функция қоғамның көптеген салаларын қамтиды және мемлекеттің, адамның әлауқатын, тұрмысын жақсартуға бағытталған. Әлеуметтік функцияның ең негізгі мақсаты қоғамдағы байлықты халық арасында әділеттілік қалғидасы негізінде бөліп беру болып табылады. Мемлекет өз тарапынан еңбек етуге жарамсыз болған қоғамдағы әлеуметтік топтарға жан-жақты қамқорлық жасауға міндет алады.

Конституцияда былай деп көрсетілген:

1. Қазақстан Республикасының азаматына жалақы мен зейнетақының ең төменгі мөлшеріне, жасына келген, науқастанған, мүгедек болған, асыраушысынан айырылған жағдайда және өзге де заңды негіздерде әлеуметтік қамсыз-

дандырылуына кепілдік беріледі.

2. Ерікті әлеуметтік сақтандыру, әлеуметтік қамсыздандырудың қосымша нысандарын жасау және қайырымдылық көтермеленіп отырады (28-бап).

Бұл норма мемлекетке қарт адамдарға, мүгедектерге, көпбалалы отбасыларға, тасқанды, жетім балаларға және тарихи отанына оралған қазақтарға көмек көрсету міндетін жүктейді. Сонымен қатар, мемлекеттің әлеуметтік функциясының ең бастапқы міндеттерінің бірі – кедейлікпен, жұмыссыздықпен күресу. «Қазақстан-2030» бағдарламасында мемлекет алдына мынандай міндеттер қойылған. «Осы жылдардың ішінде кедейшілік пен жұмыссыздыққа қарсы күрес стратегиясы:

- кіші кредиттер жүйесін енгізуге;
- шағын және орта бизнесті дамытуға;
- еңбекті көп қажет ететін салаларды басымдықпен дамытуға және бұларға шетел инвестициялары мен ұлттық капиталды белсенді тартуға;
- шарттар мен контракттар және бюджеттік сатып алулар кезінде жұмыспен қамту проблемаларына қатаң тұрғыдан келуге;
- қоғамдық жұмыстарды, ең алдымен жол құрылысы мен орман отырғызуды дамытуға;
- жеке кәсіпкерлікті дамыту жолындағы қажетсіз әкімшілік кедергілердің бәрін алып тастауға;
- қызмет көрсету саласын, әсіресе туризмді белсенді дамытуға негізделді.

Бұл міндеттер мемлекеттің әлеуметтік функциялары арқылы іс жүзіне асырылады.

Қанат ҚЫПШАҚБАЕВ,
«Болашақ» университеті
жоғары колледжінің
оқытушысы

Праймериз – прогресс бастауы

Праймериз арқылы «Nur Otan» партиясы іскер, көшбасшы, ел сенетін тұлғаларды іріктеп, әлеуметтік лифт қалыптастырмақ. Ел бойынша жүзеге асып жатқан тың бастамаға үлес қосудамын. Менің де қарекетім сол жүйеден байқалып тиіс. Жаңашылдықты қолдасам, жаңалануға үн қоспасақ, жаһандану деген көштің соңында қалмақпыз. Демек, праймериз – жаңашылдық қана емес, саяси жүйемізді ілгері сүйрейтін мықты механизм.

Партияның барлық деңгейдегі тұлғалары сайлау науқаны басталғанда ел арасына шығып, қоғамды дамытуға арналған бағдарламасымен таныстырып, ашық пікірталасқа көшпек. Осылайша үміткерлердің саяси ұстанымы мен ұсыныстары ел алдында ашық, жариялы түрде саяси пікірталас айқындалады. Мұндай ашық партия қатарын шынайы ұлтжанды азаматтармен толықтыруға және еліміздің қоғамдық-саяси өміріне тын серпіліс әкелетін жаңа көзқарасты саясаткерлердің пайдалануына толық мүмкіндік береді. Прогреске көндіге кою, оған көңіл толу оңай болмайды. Біз, жастар – туған жеріміздің патриотымыз. «Nur Otan» партиясының партияшылық іріктеуі осындай қарымды жастарға мол мүмкіндік беріп тұр. Бастысы, оған немқұрайлық танытпау қажет.

Өйткені, халықтың болашағы жолында аянбай еңбек ету қасиеттен. Болам дейтін баланы көп ішінде не айшықтайды? Қарым-қабілет, мінез, болмыс, тағысы тағы. Сондай қасиеттің біршамасы бойда бола тұра туған жерге, өсіп-өнген елге сүйіспеншілік болмаса бәрі бекер. Мені де қанаттандыратын – Отанға деген махаббат.

«Nur Otan» партиясының қолға алған партияшылық іріктеу, нағыз көшбасшыларға жол ашу қадамын мен де қуаттаймын. Бұл еліміздің әлеуметтік даму динамикасына оң серпін береді.

Гүлдәрі ИМАНАЛIEBA,
«Nur Otan» партиясы
Қазалы аудандық
филиалының
консултанты,
«Jas Otan» ЖК
аудандық бөлімше
басшысы

Жақсы дос – мақтанышың! (бір үзік сыр)

Бүгін қолыма қалам алу себебim – бала күнгі досымды, өмірден ерте озған досымды ойлаудым. Оның жарқын бейнесі көз алдыма тұрып алғаны гой.

Уақыт деген сынаптай жүйрік қой, шіркін! Осы жылдың 27 тамызында қимас досымыз, қымбат кластасымыз Ғалымбек Сәрсенғалиұлы Әбдиев жарық дүние есігін ашқан күні еді. Арамызда жүрсе, 57 жасқа толып отырар ма еді! Амал қанша?!

Мектеп қабырғасында бәріміз арманшыл, білімге құштар болдық. Алайда, Ғалымбектің орны ортамызда мүлде бөлек еді.

Тереңөзектегі №36 мектептің 9-10 «В» класында (1978-1980 жылдар) бәріміз түгелімен үздік оқыдық десем, артық айтқандық емес. Өйткені, 8 жылдық №210 мектепті жақсы бітіргендер осында бас қостық. Озаттар қатарынан – Бедбеков Нұрлан (Нұр-Сұлтан қаласында), Оспанова Марина (Алматыда), Сүндетбаева Шолпан (Байқоңырда), Қырлыч Наташа (Калининградта), Быстрыков Витя (Тереңөзекте), Қалмакова Ғалия (Тереңөзекте), Мысов Коля (Тереңөзекте) және Хегай Валя (Москвада). Осылайша тізіп айтып, жалғастыра беруге болады.

Бізге екі жыл қатарынан Шарбан Мұсабекқызы Майгелдиева класс жетекшісі болды. Ол кезде кеше ғана оқуды бітіріп келген, жап-жаз, сұлу қыз. Жас та болса ақылымен, білімділігімен, жылы сөзімен, сабырлы мінезімен бізді бірден баурап алды. Жақсы оқуға, алға ұмтылуға жетеледі.

Шынын айту керек, математика, химия, геометрия, сызу, сурет салудан Ғалым ешкімді алдына түсірмейтін. Талай рет мен үшін қиын сызу мен суреттерді уақыт жоқ демеі, ерінбей-жалықпай салып беріп, мерейімді үстем қылып жүргенін қалай ұмытпайын.

Әлі есімде, химиядан есеп шығару екеуімізге аса қызық, керемет хобби болатын, тіпті каникул кезінде де. Ал, біз қызыға шығарып жүрген есептер, шынын айтқанда, мектеп оқушыларына емес, университет студенттеріне арналған болатын-ды.

Студенттік шақ. Алматы



архитектура-құрылыс институтында оқығанда талай куә болдым – жатақханадағы біраз студенттің қиын үй тапсырмаларын Ғалым әп-сәтте бітіріп бере салатын. Оны курстас жігіттер «профессор» деп атайтын. Өте сыйлы болды ортасында.

Қолы алтын. Істеген ісі тындырымды, тыңғылықты. Ол жүрген жер өте жайлы, тіпті оазис болып кететін.

Оның шаруаға да икемді, барынша ыждағатты жан болғаны тағы бар. Аэропорттың маңындағы дачалық жерді иеленіп, соны гүлдендіріп, күзге қарай өнімін алып жүргенін де білемін. Қолы босай қалса, сол жаққа асығатын. Оны одан сайын керемет қылып, Гүлнар жұбайы жалғастырып келеді. Ал, Мұратбаев көшесіндегі Әбдиевтер тұрған үйдің ауласы ше? Арықтары түп-түзу. Қиыншы жерлері құламын деп, бетон құйып қойған. Мал қорасын байқасаң, бұл үйде өте-өте ұқыпты кісілер тұра ма деп қаласыз. Соның көбісін Ғалым өзі қолымен жасап кеткен-ді.

Менің анам: «Ғалымбекке қарашы, киімі де тап-таза, ісі де тиянақты» деп талай рет үлгі қылып айтатын. «Содан үлгі алыңдар» дейтін.

Мінезі қандай ашық болса, қолы да сондай ашық. Осындайда еске түседі, балалық шақтағы бір оқиғаны айтпаса болмас.

Ол уақытта молшылық за-

Тағы бір ерекше қасиеті – батырлығы. Несін жасырамыз, бізге СПТУ-дың «бұзық» жігіттері жиі соғып, күш көрсетіп, қысым жасайтын. Кейде мектепке келіп, кейбірімізді сабап та кеткен кездері бар. Ешқайсысымыз бата алмадық. Бір күні Ғалым бүкіл топқа бір өзі қарсы шығып, жекпе-жекке

гүл сыйламайсың маған» деп менің жұбайымның ренжігені бар бір жолы. Содан кейін мен де түзеліп, гүлді оған жиірек беретін болып кеткенімді несіне жасырайын!

Бір сөзбен айтқанда, Ғалекен – адамгершілігі жоғары, білімі терең, беделді, кадрлі досымыз еді. Ешкімнің көңілін қалдырған емес. Клас-

технология университетінің (МИСиС) 5-ші курс студенті. Форбстың биылғы рейтингісі бойынша бұл – Ресейдің ең мықты техникалық оқу орны. «Ұлым келешекте Москвада оқыса екен» деген Ғалымның арманы осылайша орындалған сынды.

Ғалекеннің өмірден озғанына биыл 19 жыл! Қанша жыл өтсе де ол бізбен бірге, жарқын бейнесі жадымызда. Оны ешуақытта ұмытпаймыз.

Артында өшпес ізі, жақсы істері қалды. Тәрбиелі балалары, ошағының отын сөндірмей отырған Гүлнардай сүйген жары бар. «Орнында бар оңалар» деген осы.

Жалпы, Ғалымның азаматтығы, оның Гүлнарға деген махаббаты, балаларға қамқорлығы, шаңыраққа көзқарасы, достары мен көршілеріне деген сыйластығы – мұның барлығы мықты қазақ отбасының жасампаз тарихы деуге болады.

Жастарымыз Ғалым сияқты іргесі берік үлгілі отбасын құратын болса, онда Қазақстанымыз да күшті, дамыған елге айналары сөзсіз.

Досымыз Ғалымның жатқан жері жайлы болсын! Бәрімізге амандық пен саулық тілеймін. Әліміз аман, жұртымыз тыныш болып, Қазақстанымыз гүлдене берсін! Алжарма тілек – осы!

P.S. Досым туралы осының барлығын не себепті жазып отырмын?

Алдымен ойлағаным: Ғалымның қандай керемет азамат, адал дос болғанын балалары білсін, аталарының бар жақсы қасиетін немерелері бойларына сіңірсін, ал құдалары мақтаныш етіп жүрсін деп едім!

Сосынғы ой: «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын!» демей ме атам қазақ! Бір жағы – жүрегіме өте жақын досқа деген сағыныш та бар ма кеудемде! Өйтеуір, осы шағын жазбаны шын ниетіммен төгіле жазып шықтым.

**Ізгі ниетпен
кластасы, досы,
Жақын АСАНОВ,
Сердария ауданының
Құрметті азаматы.
Нұр-Сұлтан қаласы**

Сынақтан сабақ алдық па?

Енді қалай өмір сүруіміз керек сонда?.. Ерте ме, кеш пе індеттің беті қайтар. Бірақ, бұрынғы емен-жарқын, ашық-тесік, шашылып жүру ұзаған шығар. Бұрынғы кез болғанда құшақтасып, тіпті ауыз жаласып жатушы едік. Оны қоятын шығармыз. Одан ұтыларымыз да шамалы. «Біз біргеміз!» деген ұран шықты қазір алдымызға. Осы ұранның орнауы бекер емес. Бәлкім, адамның бірге болмауынан, олардың бір-біріне қысықтасып жасауынан, олардың бір-біріне мейірім көрсетпеуінен шыққан да болар осы індет?!..

Бұл сынанн құтылудың жолы – шын мәнісінде бірігуде болар. Алдымен осы үшін пейіл мен көңілдімізді жанартып алуымыз қажет шығар, бабалардың «адам күні адаммен» дегенін еске алып. «Өркіміге Алла оның пейіліне қарай береді несібесін» дегенді ойымызға түсірейік. Өр азамат пейілін, өзгеге деген ықыласын тазалауы жөн болар. Біз өзгені алдан-арбап оның несібесін жыртып, өзміздің нопақамызды өсіреміз деуіміз бекер. Осыны өмір көрсетіп те келеді. Түбінде алдағанның емес, алданғанның несібесі мен берекесі артатынын әбден ескеруіміз қажет.

